

13 Әділет министрлігінің хабаршысы. – 1992. - №1.

14 Ғұмар Қараш. [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі:
https://sbook.ucoz.ru/load/referaty/raznoe/mar_arash/13-1-0-542

15 Ботпайұлы С. Ғұмар Қараш және Алаш идеясы [Электрондық ресурс]. – Кіру режимі: <http://abai.kz/post/10216>

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – ҰЛТТЫҢ РУХАНИ КӨСЕМІ

Рахимбаева Б.О

ф.ғ.м., аға оқытушы

Смаилова А.Ш.

п.ғ.м., аға оқытушы

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Қарағанды қ., Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының елім, жерім деп еңіреген есіл ерлерінің әрі ХХ ғасырдың басындағы зиялы қауым өкілдерінің бірі. Өзі жанындай сүйген қазағының көсемі, 100 жылда дүниеге бір келетін тарихи тұлға. Ол өзінің барлық білімін, күш-жігерін және өмірін Қазақстанның тәуелсіздігі үшін, туған халқының рухани жаңаруы үшін күреске арнады.

Ақаң – қазақ көсемсөзінің теоретигі әрі атасы. Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді.

Ахмет Байтұрсынұлы өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз еткен. Көсемсөзінде оқу, білім, өнер тақырыбын сөз етеді. 1911 жылы жазған «Қазақ өкпесі» деген мақаласында: «Ата – жолдасы – надандық, өнерсіздік қазір қазақтан айрылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде – ақ маңдайымызға тисе де, ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай – ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі де надандықтың кесапаты» - деп күйіне жазған Ақаң халқын оқу – білімге, мәдениетке тартуға көп еңбек етті. Ол кісінің өзі 1895 – 1909 жылдар аралығында Қостанай, Ақтөбе, Қарқаралы ауылдық мектептерінде бала оқытып, екі кластық училищеге дәріс берді. Ахмет Байтұрсынұлы 1920 жылдан бастап әр түрлі мемлекеттік басқару істеріне, әлеуметтік жұмыстарға араласа жүріп, ағартушылық – ұстаздық қызыметін тоқтатпаған. Ол 1921- 1928 жылдары Орынбордағы Қазақтың халық ағарту институтында, 1926–1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ мұғалімдер институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлының үлкен саясатқа, ғылымға барар жолы жас шәкірттерге білім беруден басталды. Қазақтың көптеген зиялылары – Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев ол кісіні өздерінің ұстаздары санаған.

Болашақтың тірегі өсіп келе жатқан бүлдіршін жастар деп түсініп, оларды оқытуға, білім көк жиегіне шығаруға көп күш салды. Ол қазақ даласындағы мектептердің жай-күйі, бала оқытудың амал-тәсілдерін газет бетінде нақтылы сөз етті.

«Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды білерге керек» [1, 135 б.] - деп оқытушы мұғалімдерге талаптар қояды да, ары қарай осы талаптарды орындағанда қазақ оқытушыларының да, оқушыларының да ұтатын тұстарын көрсетеді: «Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктердің көбі түзелгенде оқумен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді

жатырқап, жаңалық пікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастардың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойын бұрып, қайырылар, халық түзелуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі –бәрінен бұрын ескеріп,бәрінен жоғары қойылатын жұмыс».

Осы жоғарыдағы сөздерден ұлы ұстаздың жастардан көп үміт күткенін, сондықтан жастар тәрбиесін алдыңғы орынға қойғанын аңғарамыз. «Бұл заманда қолы жетпегенді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер, білім, сол өнер–білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» [1, 25 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы өзінің көсемсөздерінде оқу–ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ» [2, 58 б.] - деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады.

1913 жылы жазылған «Оқыту жайынан». 1914 жазылған «Мектеп керектері» мақалаларында шәкірттерге білім берудегі ұстаз жұмысының жауаптылығына. Болашақ ұрпақты тәрбиелеу ұстаз мойнына жүктелген ауыр міндет екеніне мән береді. «Оқудан мақсат жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» - деп Міржақып Дулатов жазғандай, Ахмет Байтұрсынұлыда жақсы мұғалімнің еңбегінің жемісі – ұлт қамын ойлайтын білімдар азамат деген ойларды айтты.

«Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, біліндірмейді. Мұғалім нашар болса, сайлы мектепте отырып, сабақ бере алмайды. Мұғалімдік оңай нәрсе емес. Тәртіппен жасалған оқу құралдарымен оқытуға тәртіппен оқыта білетін мұғалім керек. Оны білмейтін мұғалімдер тәртіппен жасалған оқу құралдарын тәртіпсіз жасалған оқу құралдарының орнына қолданады» [1, 262 б.] – дейді «Оқу жайында» деген мақаласында.

Ахмет Байтұрсынұлының тіл, оқыту мәселелеріне білім беруге байланысты айтқан пікірлері қазіргі уақытқа да қызмет ететінін көреміз. Мысалы, «ов» туралы » деген мақаласын оқи отырып, осыдан 80 жылдай бұрын жазылған емес, күні кеше ғана баспасөз бетінен көргендей боласын. Бұл мақала шағын ғана, көлемі он–он бес жол. Сондықтан мақаланы толығымен келтіруді жөн көрдік.

«Газет–журналдарымызда көбінесе «ұғлы, баласы, қызы» дегеннің орнына «ов, ва» жазылады. Бұл қазақ тілінде болмаған себепті құлаққа тіпті ерсі естіледі «ов, ев, ин. валар» жалғыз–ақ орыс халқында бар деп айтуға болады, басқа Европа халықтарында жоқ, бізден өзге патшалы мұсылмандарда да жоқ. Бұларды орыстан көріп еліктеуіміз орынсыз, басқа жұрттың сөздерінің құйрығын әкеліп өз сөзімізге тағудың қанша қажеті бар? «Овтарды» орысша жазғанда қолдансақ та, қазақша «ұғлы, баласы, қызы» деп жазуымыз келіспей ме? Мұнан былай жұртқа өнеге беретін газета–журналдарымыз мұны ескерсе, қандай жақсы болар еді, қиындығы да болмас еді» [3, 315 б.].

Ахмет Байтұрсынұлы революционер емес–ті. Ол қазақ қауымының алдында тұрған мәселелерді ағартушылық, демократиялық жолмен шешу керек деп есептеген. Қазан төңерісінен кейін елде аумалы –төкпелі заман орнады. Қазақ зиялыларының бір тобы Совет үкіметінің билігіне мойын ұсынбады. Оның басты себебі Совет үкіметінің қазақ сияқты ұлттарға қолданып отырған саясаты. «Алаш» партиясының құрылу себебі, іс жоспары, мақсаты жайлы жоғарыда айтып өттік. Алаш көсемдерінің армандаған дербес қазақ автономиясын құрмақшы игі ойлары жүзеге аспады. Күш алып, жанданып келе жатқан жаңа үкімет мүмкіндік бермеді. Алашорда өкілдеріне ұлтшылдар деген ат жамап, қара таңба басылды. Келер ұрпақ «Алаш» сөзін естігенде төбе шашы тік тұрып қалтырып жүретіндей етуге құлшына жұмылды.

«Алаш» партиясына Совет үкіметі 1919 жылы арнайы амнистия жариялап, кешірім жасады. Ол кешірім В.И.Ленин өлгенше күшін сақтады. «Алаш» партиясының басшылары Советтер жағына шығып, әр түрлі салада жемісті еңбек етті.

С. Мұқанов «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті» деген еңбегінде: «Ол күрестің адамы емес. Ол тап тартысын керек қылмайды. Пән мен ғана шұғылданады деушілер жоқ емес. Бұл әрине қате. Ахмет кейбіреулер түсінгендей «қазақшыл ақ көңіл» емес. Ретіне қарай, ол жаңашыл тілегін жымдап, өткізіп отырады. 1920 жылы Ахмет коммунистер партиясына кірді. Ахмет партияға кіргенде «ақ пейілділігімен» коммунист бола кірген жоқ. Кеңес үкіметінің ішіне кіріп алып, байшылдығын кіргізуді ойлайды»[3,40 б.] - деген болатын. Сәбит Мұқановтың осы сөздерінен Ахмет Байтұрсынұлына деген сенімсіздік лебі аңқиды.

20–жылдардың ортасына қарай бұрынғы «Алаш» партиясы өкілдеріне қысымшылық жасау күшейді. Елдің алдыңғы қатарлы адамдарына Сталиндік зұлматтың бұлты үйіріле бастады. Осы жылдары Ахмет Байтұрсынұлы тек ғылыммен ғана айналысты. 1923 жылы «Мәдениет тарихы» деген еңбегін жазып бітірді. Қиын кездегі қуғын–сүргін, абақты, айдау кезінде бұл еңбектің қол жазбасы жоғалып кеткен. Ол кісінің әдебиеттану, тіл ғылымына арналған еңбектерінің өзі өз алдына бір төбе.

1926 жылы 26–ақпаннан 6–наурызға дейін Баку қаласында Бүкілодақтық бірінші Түркологиялық съезд шақырылды. Сол съезге қазақ елінен А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Ә.Байсейітов, Б.Сүлеев, Н.Төреқұлов қатынасты, съезд төрағалығына А.Байтұрсынұлы сайланды. Бұл жиынның күн тәртібінде түркі халақтарының жазуы, орфографиялық негізгі жүйесі, әлеуметтік мәні, терминологиялық мәселесі, ана тілін оқыту мәселесі қойылды. Осы жиында Ахмет Байтұрсынұлыекі рет сөз сөйлеп, салиқалы пікірлер айтты. Ғалым латын әрпіне көшейік деген пікірге үзілді-кесілді қарсы болды. Латын графикасының тиімсіздігін түрлі дәлелдер арқылы қатысушылардың көзін жеткізуге тырысты. Ол кісінің араб графикасын жақтаудағы, сол графикамен қалуымыз керек дегендегі басты мақсаты –баяғыдан қолданылып, түркі тұқымдас халықтардың төл жазуына айналып, біріне –бірін туыстастырып жіберген, оның үстіне қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталған, тарихи, жазба мәдениетінің мұқтаждарын толық өтеп отырған графиканы алып тастауды отарлаудың ең дөрекі түрі деп көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлы тіл, жазу мәселесі турасында жасалған зор ғылыми еңбегінің бірі ғалымның осы тұста, яғни араб алфавитінен латын алфавитіне көшуге науқан жасалып жатқан кездегі тұжырымдары.

А.Байтұрсынұлы латыншылдар мен болған ғылыми айтыстарға белсене қатысып, мұның науқаншылық әрекет екенін, ғылыми негізі жоқ екенін жан - жақты дәлелдеді. «Жазу мәдениеті бар жұрттарға бір әріптен екінші әріпке көшу оңай жұмыс емес, жайлап көшуге көп уақыт, көп қаржы, көп күш керек. Сөйтіп, бұл мәселе әлеуметке шаруашылық жағынан өте зілді болғандықтан, шешушілерді халық алдында зор жауапкер қылатын мәселе» [4,125 б.] – деп зор маңыз берді.

Осы кезде жазған мақалаларынан «Ақ жол» жинағына «Араб әрпін жақтаған баяндамасы», «Түзетілген әріп» мақалалары кірген. Бұл мақалаларда араб графикасының анағұрлым тиімді жақтарына тоқталады. Ол кісінің араб графикасын жақтаған пікірі өз тұстастарының біразынан қолдау тапты. Е.Омаровтың «Ученая деятельность А.Байтұрсунова» деген мақаласында, М.Дулатовтың «Жазу тәртібі» деген мақалаларында А.Байтұрсынұлының осы еңбегін жоғары бағалады.

Ахмет Байтұрсынұлы көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш –жігерін оқу –ағарту ісіне, елді мәдениеттендіруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиет тану, тіл тану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. «Әліп -би», «Тіл -құрал», « Әдебиет танытқыш» атты еңбектер жазуы, қазақ тілі мен әдебиеті, мектептер мен ондағы оқыту жайы, қазақ тілін оқыту методикасы туралы көптеген мақалалары, Қазақстанның оқу–ағарту комиссариатындағы

жұмысы – осының бәрі ол кісінің ағартушылық, ғалымдық қызметінің қомақтылығын аңғартады.

Ахмет Байтұрсынұлы көсемсөзін зерттегенде «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласына тоқталмай кету мүмкін емес. Бұл ғалымның әдебиет тану саласындағы алғашқы зерттеу еңбегі еді. Осы мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы үш санында басылған. Мақалада автор Абайдың қазақ халқының өмірінде алатын орнына тоқталып, шығармаларының мазмұн тереңдігі мен ақындық шеберлігі, орыс әдебиетімен байланысы туралы ойлар айтып, ақын өлеңдерінің эстетикалық, тәлім – тәрбиелік маңызы ашылған.

«Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына ойдың шеберлігі керек: мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі болған» [5, 219 б.] – деп жоғары бағалайды.

Ахмет Байтұрсынұлы өзі Абай өлеңдерін түсініп, сүйіп оқыған. Сондықтан да Абай мұрасының өзгеге ұқсамайтын ерекше қасиеттерін дәл көрсеткен. «Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді. Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы, әр нәрсенің бергі жағынан алмай, арғы асылына қарап сөйлейтіндігінде. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі кем болмаса да білімі кем болғаны даусыз» [6, 220 б.] - деген Ақан сөздерінде әр нәрсенің кілті терең білімде деген ой жатыр.

Қазақ көсемсөзінде ерекше сөз болған мәселелердің бірі – денсаулық, дәрігерлік кеңес. Міржақып Дулатов «Денсаулық жайынан» деген ақыл – кеңес ретінде жазылған мақаласында денсаулық сақтаудың қарапайым ережелерін санамалап берсе, Ахмет Байтұрсынұлы «Ауру жай» мақаласында аурудың пайда болатын көздерін және сол аурудан емделу жолдарын түсіндіріп береді. Сол сияқты «Тәні саудың – жаны сау» деген мақаласында жақсы адам тәрбиелеудің алғы шарттары, келісті кісі қалыптастырып шығару жайлы философиялық ой – тұжырымдарын жасайды. «Ең әуелі, бәрінен бұрын тазалықтың қадірін біл! Тән саулығының тамыры тазалықта, жан саулығының тамыры тән саулықта».

Қорыта келгенде, оқу-білім, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларында Ахмет Байтұрсынұлы өз заманының өзекті деген тақырыптарына қалам тартып, халқына қамқор болу, елге қызмет жасау идеясын насихаттады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Кәкішов Т. Қазақ әдебиет сынының тарихы. Алматы, 1994.
2. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Алматы, 1999.
3. Қабдолов З. Ахың нәм әдебиеттің әліпбиі. // Қазақ әдебиеті тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 1993.
4. А.Байтұрсынұлы. Шығармалары. А., «Жазушы», 1989.320 бет.
5. Р.Нұрғали. Алып бәйтерек. // Ақжол. Алматы, 1991.
6. Ө.Әбдіманов. «Қазақ» газеті. А., «Қазақстан», 1993.-168 бет.